# ҰЛЫ АҚЫН АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ҰРПАҚТАРЫ

# АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ 1845 жылы бұрынғы Семей уезі,Шыңғыс болысында (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданында) дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты Ибраһим екен.



# АБАЙ (ОРТАДА) ҰЛДАРЫ АҚЫЛБАЙ (СОЛ ЖАҚТА) ЖӘНЕ ТҰРАҒҰЛМЕН



# АБАЙДЫҢ НЕМЕРЕСІ МӘКЕН ТҰРАҒҰЛҚЫЗЫ



# АБАЙДЫҢ НЕМЕРЕСІ АҚЛИМА ТҰРАҒҰЛҚЫЗЫ АЛМАТЫ,7 ҚАРАША 1986 ЖЫЛ



**АБАЙДЫҢ НЕМЕРЕСІ ҮӘСИЛА МАҒАУИЯҚЫЗЫ, ЖҰБАЙЫ ҚАЛИ ЖАҚЫПҰЛЫМЕН БІРГЕ 1949 ЖЫЛ.СУРЕТ ЖЕКЕ МҰРАҒАТТАН АЛЫНҒАН**



# ҒАЗАЛ МАҒАУИНА, АБАЙДЫҢ ШӨБЕРЕСІ



# АБАЙДЫҢ ШӨБЕРЕСІ ЖОШЫХАННЫҢ СОҒЫСТАН ҚАРЫНДАСЫ ҒАЗАЛҒА ЖАЗҒАН ӨЛЕҢІ."ЖЫР-АМАНАТ" ЖИНАҒЫНАН.



**ЖОШЫХАН МАҒАУИН**

*(Он тоғыз жасында...)*

Жошыхан ұлы ақын Абайдың шөбересі. Оның әкесі Жағыпар Абайдың кенже ұлы Мағауияның баласы. Жошыхан 1924 жылы Семей облысының Абай ауданында ата мекені Қарауылда туған. Әкесі Жағыпар гимназияда оқыған, ауыл мектебінде мұғалім болған. Жошыхан 1934 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін ~~апасы Ина-ны,~~ қарындасы Газел үшеуі Алматыдағы балалар үйінде тәрбиеленеді. Ол осындағы № 12 мектеп-интернатты бітіріп, 1942 жылы майданға кеткен. 1943 жылдың августі айында Харьковті азат ету үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тапқан. Мына екі өленді қарындасы Газелге арнаған

**АЛЬБОМҒА**

Қарындасым, сүйенішім, тірегім,
Мен дегенде өзгеше еді-ау жүрегің.
Ағатайың алыс кетсе қасыңнан,
Жалғызсырап жабығарсың, білемін.

Бір ...ың тамшысы едік екеуміз,
...
Мен аттандым бес қаруды асынып,
Туған Отан бақыты үшін жан құрбан.

Қош, бауырым, көріскенше күн жақсы,
Сен байқама көзден тамған бір жасты.
Альбомыңды ашқан кезде әрқашан,
Көкірегіне осы бетті бір басшы!

*1942 ж.*

**ҚАРЫНДАСЫМА**

Суретіңді жан қалтамнан тастамай,
Мен жүрмін ғой көңіліме тоқ санай.
Қарындасым, хал-жағдайың қай күйде,
Көрмегелі өтті апталар, тоқсан, ай.

Атқан оқтай аласапыран өтер күн,
Шапқан аттай мен де ауылға жетермін.
Бұл дүниеде аман-есен сен жүрсең,
Жаным жайлау, көңілім жаз, бекеммін.

Қолда автомат, темір телпек басымда,
Бейне серік сен жүргендей қасымда.
Күш еселеп соққы берем жауыма,
Жеңіс жақын, сен мұңайып жасыма!

*1943 ж.*

Courtesy Photo

# БАҒЫФУР АҚЫЛБАЕВ, АБАЙДЫҢ ШӨБЕРЕСІ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ,1962 ЖЫЛ.



# АБАЙДЫҢ ШӨПШЕГІ АЙДОС АҚЫЛБАЕВ НАУРЫЗ, 1986 ЖЫЛ



# АБАЙДЫҢ ШӨПШЕГІ ДАНИЯР АҚЫЛБАЕВ
# АЛМАТЫ. 3 ТАМЫЗ 2011 ЖЫЛ.



# АБАЙДЫҢ ШӨБЕРЕ ҚЫЗЫ-ИШАҒЫ ЖАҒЫПАРҚЫЗЫ. АЛМАТЫ, 3 ТАМЫЗ 2012 Ж



# АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ ТУРАЛЫ ИШАҒЫНЫҢ ЕСТЕЛІГІ

31ff2016-af5f-4442-a9a0-7dac2b5d9dcf.mp3